

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІ
ЖШС «БОПАЙ» БАЛАБАҚШАСЫ



Бекітемін:
ЖШС «Бопай» балабақшасы
менгерушісі: Жумашева Б.А.

«Балапан» ортаңғы тобының музыкадан жылдық
перспективалық жоспары.

Музыка жетекшісі: Бериккалиева А.Н.

2021-2022 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйымдарда музыка қызметі бойынша жылдық перспективалық жоспары.

Тобы: «Балапан» ортаңғы тобы.

Білім беру саласы : Шығармашылық.

Ұ.О.Қ: Музыка пәні.

№	Тақырыбы	Мақсаты, міндеттері	Сағат саны
1	Өтпелі тақырып: «Балабақша» «Менің балабақшам»	Балалардың бойында балабақшаға, достарына, балабақша қызметкерлеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру. -Музыканы тыңдау, есте сақтау, әнді мәнерлеп айтуға үйрету. - Ойын арқылы көңілсіз, көңілді әуендерді сезіндіру. -Биік және төмен ырғақтарын ажырату. Музыкаға деген сезімін ояту, қарапайым ырғақтармен би билеуді үйрету.	1
		-Балабақшаға деген сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеуді жалғастыру. -Балабақша, ондағы достары, ойыншықтары туралы білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдаяттарын ұйымдастыру. Тыңдау,есту,есте сақтау қабілеттерін дамыту.	1
2	«Менің достарым»	Достықты білдіретін мейірімді әнді тыңдап сезіне білуге, әнді жеңіл,ширақ орындауға үйрету.Сыйластыққа, қайырымдылыққа баулу. -Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету. - Музыка ырғағына сай қимылдар жасау арқылы әдемілікке,әсемдікке тәрбиелеу. -Музыкалық есту қабілеттерін дамыту.	1
3	«Менің сүйікті ойыншықтарым»	Өртүрлі сипаттағы әуендерді әннің сөзіне байланысты қимылмен көрсетуге,ырғақты- би қимылдарын есте сақтауға дағдыландыру -Сүйікті ойыншықтарына арналған музыкалық шығармаларды салыстыруда талғампаздыққа баулу. - Музыканың көмегі арқылы көңіл-күйді сезініп, әңгімелей білуге, мимика түрінде көрсете алуға үйрету. - Музыкалық қабілеттерін, шығармашылықтарын, дамытуды жалғастыру.	1
		-Музыканы шаттана қабылдап, көңіл күй сезімдерін ояту. -Музыкалық шығарманың ырғағына сәйкес қимыл жасай білуге үйрету. -Музыканы тыңдауға ынтызарлықты, шығармада берілген көңіл-күйді,әуенді естіп танып, атын атап,сезініп,әнді табиғи дауыспен орындау қабілеттерін дамыту.	1
4	«Алуан,алуан,кәсіп бар,таңдай біл де кәсіп қыл»	Балабақшада қызмет жасайтын мамандардың еңбегімен таныстыру.Музыканы шаттана қабылдап, көңіл күй сезімдерін ояту. - Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын ажырата білу.	1

		-Дауыстың табиғи таза шығуына,әнді мәнерлі орындау шеберлігін дамыту. -Музыка ырғағын сезіп, би қимылдарын .Ойын ережесін сақтап, ойнай білу.	
1	Өтпелі тақырып: «Менің отбасым». Қазан «Менің отбасым,ата аналар еңбегі»	Музыкалық шығарманы тыңдау, эмоциямен қабылдау және ажырата білуге үйрету және отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікті музыка арқылы жеткізу. -Әннің сөзін анық, дұрыс,анық айта білуге үйрету. -Таныс шығармаларды кіріспесінен, үзіндісінен тануға, ән мазмұнына сәйкес биде, ойында өзіндік қимылдарын ойлап табуға талпындыру. -Тыңдау,есту,зер салу, есте сақтау қабілеттерін дамыту	1
		-Отбасындағы мейірімділікті білдіретін мейірімді әнді тыңдап сезіне білуге, әнді жеңіл,ширақ орындауға үйретуді жалғастыру. –Үйретілген музыкалық шығармалар арқылы сыйластыққа, қайырымдылыққа баулу. -Ойын арқылы музыканың сипатын ажырата білуін арттыру.	1
2	«Менің көшем»	Туған жерге,ауылына,қаласына деген патриоттық сезімдерін музыкалық шығармалар арқылы қалыптастыру . -Табиғи дауыспен ән айтуға,әнді бірге бастап,бірге айтуға,әуенге ілесе қарапайым би элементтерін еркін орындауға үйрету. -Әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерімен танысу. -Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау.	1
3	«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»	Қауіпсіздік ережесін сақтау мақсатында тақырыпты жыл мезгіліне сәйкес қайталап, бекітіп отыру. -Музыка ырғағына сай қимылды әндерді орындауға үйрету. -Музыкалық есту қабілеттерін арттыру. -Музыкалық қабілеттерін, шығармашылықтарын, дамыту.	1
		-Музыка характерін қимыл – қозғалыспен бере білуге жаттықтыру. - Балалардың шығармашылық қиялын дамыту. -Қауіпсіздік ережесін сақтау мақсатында тақырыпты жыл мезгіліне сәйкес қайталап, бекітіп отыру.	1
4	«Алтын күз»	Таныс шығармаларды кіріспесінен, үзіндісінен тануға, ән мазмұнына сәйкес биде, ойында өзіндік қимылдарын ойлап табуға талпындыру. -Ән, музыка арқылы күздің көріністерін сезіну. -Әндегі шумақ пен қайырма арасындағы өзгерістерді ажырата білуге үйрету. -Ойын арқылы музыка дыбысын ести білуге баулу.	1
1	Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау».	Музыканы шаттана қабылдап, көңілді ән арқылы қуаныш сезімдерін ояту. -Музыкалық театр арқылы әндерді, би	1

	Қараша «Өзім туралы »	қимылдарын еркін орындауға үйрету, көңілді мереке сыйлау. -Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. -Сюжетті -ойындық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.	
		-Достықты білдіретін мейірімді әнді тыңдап сезіне білуге, әнді жеңіл, ширақ орындауға үйрету. –Театрлық қойылымдарды сомдау арқылы өзін және айналасындағы достарын құрметтеуге, жақсы қарым қатынасқа түсе білуге тәрбиелеу. -Музыканы тыңдауға ынтызарлықты, шығармада берілген көңіл-күйді, әуенді естіп танып, атын атап, сезініп, әнді табиғи дауыспен орындау қабілеттерін дамыту.	1
2	«Дұрыс тамақтану»	Күз мезгілінде пісетін жеміс жидектер, көкөністердің пайдасы туралы әндер айтқызып, би қойылымдарын тиімді қолдану. -Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын ажырата білуге үйрету. -Балаларға лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінмен, күш түсірмей әндете айтуға баулу және тембрін, динамикасын қабылдап сезінуге, таныс шығармалар ырғағын сезіну. -Музыкалық аспаптармен ансамбльде ойнауға дағдыландыру.	1
3	«Өзіңе және өзгелерге көмектес»	Балаларды қайырымдылыққа, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білуге баулитын әндер айтқызу арқылы мейірімділікке тәрбиелеу. -Музыканы мұқият тыңдап отырып ести білуге шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. -Ән, музыка арқылы күздің көріністерін сезініп, әндегі шумақ пен қайырма арасындағы өзгерістерді ажырата білуге үйрету. -Ойын арқылы музыка дыбысын ести білуге баулу.	1
		-Музыкалық дыбыстар мен табиғаттағы дыбыстардың ұқсастықтарын байқай білуге дағдыландыру. -Музыкалы-дидактикалық ойын арқылы музыкалы шығарманың көңілді және көңілсіз сипатын ажыратуға қалыптастыру. - Би қимылдарын мәнерлеп орындауды жалғастыру.	1
4	«Біз күштіміз, ептіміз»	Музыкалық шығармаларды тыңдау арқылы өз ойларын жеткізе білуге, өз сезімдерін айта білуге қалыптастыру. -Музыкалық шығармаларды тыңдау арқылы өз ойларын жеткізе білуге, өз сезімдерін айта білуге қалыптастыру. -Музыкалы-дидактикалық ойын арқылы музыкалы шығарманың көңілді және көңілсіз сипатын ажырату. -Берілген музыкалық шығармалар арқылы балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру.	1

1	Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным» Желтоқсан «Тарихқа саяхат».	Елін, жерін сүйетін патриот ұрпақ тәрбиелеу. - Тәуелсіз елін, жерін мақтан тұту, патриоттық сезім тәрбиелеу -Өннің орындалуын, музыкалық жанрды ажырата білу қабілеттерін дамыту. -Әуенді қимыл – қозғалыста музыканың басталуын, аяқталуын ести және бере білуге дағдыландыру.	1
		-Өр түрлі ұлттардың би өнерінен, олардың музыкалық шығармаларынан балаларды хабардар ету. -Балаларға әуен әлеміндегі патриоттық музыкаларды тыңдатып, төменгі, жоғары дауыстарды ажыратуға үйрету -үйретілген музыкалық шығармаларды, ойындарды, әндерін, ырғақты-қимылдарын музыкалы-дидактикалық ойын арқылы біріктіру.	1
2	Тәуелсіз Қазақстан ҚР Тұңғыш президенті, рәміздер.	Қазақстан Республикасы Әнұраны, рәміздері, Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті туралы түсінік қалыптастыру. –Әнұран мазмұнын жете түсінуге мүмкіндік жасау. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын, нышандарын қастерлеу, мақтанышпен қабылдау, орындауға баулу. -Музыка сипатына сай жаттығу қимылдарын үйлестіре білуге баулу. -Музыкалық қабілеттерін, шығармашылықтарын, дамытуды жалғастыру.	1
3	«Алақай, қыс келді»	Қыс мезгіліне арналған әндерді тыңдау, үйрену арқылы табиғаттағы өзгерістерді сезіну. -Жәй екпінде орындалатын лирикалық әуендерді тыңдау ынтасын қалыптастыру. -Музыкалық шығарманың ширақ және сабырлы сипатын қимыл арқылы көрсету, төмен және жоғары дыбыстарды есту, сезіну. – Көңілді әндерді, би қимылдарын еркін орындауға үйрету.	1
		-Тыңдаған, орындаған әндерді салыстыру, ажырата білуге жаттықтыру. -Әнді қуанышты, мақтанышпен орындауға төселдіру. -Музыкалы-дидактикалық ойын арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.	1
4	«Қош келдің, Жаңа жыл»	Жаңа жылдық әндер мен билерді нақышына келтіре орындай алуға және де балалардың орындаушылық шеберліктерін арттыру арқылы шығармашылық қабілеттерін шыңдау. -Қыс мезгіліне арналған әндерді хороводпен жүріп айтуға баулу. -Хороводтық жүріс барысында өзін еркін ұстай білу, бір-бірінің дауыстарын тыңдай білу машықтарын қалыптастыру. - Жаңа жыл кешінде балаларға жағымды орта мен мерекелік көңіл-күй сыйлау арқылы балалардың шығармашылығын дамыту.	1

1	Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі». «Туған өлкем». Қаңтар	Балаларды музыка әлеміне саяхат жасау арқылы ұлттық мәдениетімізбен, күй жанрымен таныстыру. – Ұлттық музыка өнеріміз күй тыңдау арқылы балалардың патриоттық сезімін ояту. -Күйдің түрлі сипаттарын ажырата білуге дағдыландыру. -Әнді таза айтуға, музыканы сезіне би қимылдарын жасай білуге дағдыландыру.	1
		-Ойын арқылы балалардың есту,сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. -Сюжетті -ойындық кейіпкерлер арқылы шығармашылық қабілеттерін арттыру. -Әуенді есту қабілеттерін арттыру, музыканың көмегі арқылы көңіл-күйді сезініп, әңгімелей білуге, мимика түрінде көрсетуге машықтандыру.	1
2	«Аңдардың қысқы тіршілігі»	Ормандағы аңдардың қысқы тіршілігі туралы түсінік бере отырып,аңдардың образдарын ән айту арқылы,ойындар ойнау арқылы және ырғақты қимыл би барысында тиімді қолдана білу. -Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету,көңілді әуендер арқылы балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау. -Әннің ширақ, сергек, сабырлы, сипатын ажырата білуге үйрету -Сюжетті -ойындық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.	1
3	«Ғажайып қыс»	Қыстағы табиғат құбылыстарымен,оның өзгерістерімен,қыста болатын қызықты мерекелермен және ойындармен таныстыру. -Әнді көңілді күймен қабылдау, ән мазмұны бойынша қыс көріністерін бере білуге баулу. -Басқа жыл мезгілдерімен салыстыра, ажырата білуге үйрету. -Серуен кезіндегі бақылаулар, табиғаттағы өзгерістер туралы, қысқа тән бейнелер, құстар, туралы әңгімелеу.	1
		-Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету. - Музыка сипатына сай жаттығу қимылдарын үйлестіре білуге баулу. - Музыкалық қабілеттерін, шығармашылықтарын, дамытуды жалғастыру.	1
4	«Қысқы ойындар қызығы»	Қыс мезгілінде ойналатын балалар ойындарының түрлерімен таныс ету,үйрету. -Ойын түрлері мен ойналу шарттарын ұғындырып нәтижелі музыкалы қимылды ойын түрлерін ойнату. -Ойын арқылы балаларды бірлікке,достыққа,татулыққа,сыйластыққа тәрбиелеу. -Екі түрлі сипаттағы орындалатын әуен түрлерін ойын барысында тыңдап ажырата білуге дағдыландыру.	1
1	Өтпелі тақырып: «Ғажайыптар	Балаларға қонаққа келген кейіпкер арқылы музыкалық іс әрекеттің барлық түрлерін тиімді	1

	әлемінде». «Бұл кім?»	қолдану. -Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын ажырата білу. - Дауыстың табиғи таза шығуына көңіл бөліп әнді мәнерлі орындау шеберлігін қалыптастыру. -Музыка ырғағын сезіп, би қимылдарын жасау.Ойын ережесін сақтай білуге үйрету.	
		-Көркем-ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу арқылы өз эмоцияларын көрсете білуге үйрету. - Әуенді есту,сезіну,ән айту қабілеттерін әрі қарай дамыту. – Би қимылдарын,музыкалық ойын әрекеттерін орындауға дағдыландыру.	1
2	«Көңілді және көңілсіз әуендер»	Балаларға арналған түрлі музыкалық шығармалардың көңілді және көңілсіз сипатын тыңдау және орындау арқылы ажырата білуге үйрету. -Өннің жинақы,көңілді сипатын сезіне білуге тәрбиелеу. -Ойын арқылы театр іс-әрекетін сабақ барысында балалармен қолданып, кірістіру. -Музыкалы-дидактикалық ойын арқылы музыкалы шығарманың көңілді және көңілсіз сипатын ажырату.	1
3	«Ертегілер елінде»	Ертегі кейіпкерлерін театрлық іс әрекет түрлері арқылы сомдай білуге,әрбір кейіпкердің рөлін анық та нақты эмоцимен көрсете алуға үйрету. -Ертегі кейіпкерлеріне арналған әдемі, көңілді әуендердің мазмұнын түсініп,жас ерекшелігіне сай алынған әндерді айта білуге қалыптастыру. -Ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын әуен арқылы көрсету. -Ойындарда эмоциясын ояту. Кейіпкер рөліне кіріп ойнау.	1
		-Музыканы тыңдау, есте сақтау, әнді анық орындай білу дағдыларын арттыру. -Ойын арқылы көңілсіз, көңілді әуендерді сезіндіру.биік және төмен ырғақтарын ажырату. - Музыкаға деген сезімін ояту, қарапайым ырғақтармен би билеуді үйрету.	1
4	«Сиқырлы сыр сандық»	Әр түрлі аспаптардың түрлері мен жасалуын, дыбысталуын , орындалуын таныстыру. -Балаларға лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінмен,күш түсірмей әндете айтуға баулу және тембрін, динамикасын қабылдап сезінуге, таныс шығармалар ырғағын сезіну. –Балаларға арналған музыкалық аспаптармен ансамбльде ойнауға дағдыландыру. - Би қимылдарын мәнерлеп орындауды үйрету.	1
1	Наурыз Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклорлар» «Нұр төккен,гүл көктем»	Көктем мезгіліне арналған лирикалы әндерді орындау арқылы әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу. -Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын ажырата білу. - Дауыстың табиғи таза шығуына,әнді мәнерлі орындау шеберлігін дамыту. - Музыка ырғағын сезіп, би қимылдарын	1

		жасау.Ойын ережесін сақтай білуге үйрету.	
		-Шығармадағы төменгі жоғары дыбыстарды сезіне білуге, әннің көңілді де ашық үнін музыка арқылы бере білуге үйрету. -Тынысты дұрыс алып, дыбыстардың анық шығуын, ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыка ырғағын сезіп, би қимылдарын жасау.Ойын ережесін сақтай білуге үйретуді жалғастыру.	1
2	«Алғашқы тамшылар»	Түрлі сипаттағы әндерді орындауға үйрету арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. -Шығармадағы төменгі жоғары дыбыстарды сезіне білуге, әннің көңілді де ашық үнін музыка арқылы бере білуге үйрету. - Тынысты дұрыс алып, дұрыс шығарып дыбыстардың анық шығуын, ән айту дағдыларын қалыптастыру. -Музыка ырғағын сезіп, би қимылдарын жасау.Ойын ережесін сақтай білуге үйрету.	1
3	«Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері».	Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері туралы бала санасына сыйымды ұғымдарды қалыптастыру арқылы балаларды патриоттыққа тәрбиелеу. -Балаларға қазақтың салт-дәстүрі жайында мағлұмат беру, ұлттық салт-сананы санасына сіңіру. - Қазақтың киелі аспабы домбырамен таныстыру. - Күй жанры туралы мағлұмат беру.	1
		-Балаларды музыка әлеміне саяхат жасау арқылы ұлттық мәдениетімізбен таныстыруды жалғастыру. - Балалардың патриоттық сезімін ояту. Музыканың түрлі сипаттарын ажырата білуге дағдыландыру. -Әнді таза айтуға, музыканы сезіне би қимылдарын жасай білуге дағдыландыру	1
4	«Өнер көзі халықта»	Қазақ халқының балаларға арналған ұлттық ойындарын ойнату арқылы ұлттық нақыштарымызға деген сүйіспеншілігін арттыру. -Баланың жас ерекшелігіне арналған ұлттық ойын түрлерін үйретіп дұрыс ойнай білуге үйрету. -Ұлттық ойындар арқылы балаларды достыққа, шапшаңдыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. -Бала бойында ұлттық ойындар арқылы патриоттық сезімдерін қалыптастыру.	1
1	Өтпелі тақырып: «Көктем жаршысы құстар» «Ақ көгершін» Сәуір	Балаларды қоршаған орта әлемін сүйуге баулу. Ән айту арқылы қуана білуге үйрету -Шығармадағы төменгі жоғары дыбыстарды сезіне білуге, әннің көңілді де ашық үнін музыка арқылы бере білуге үйрету. - Тынысты дұрыс алып, дыбыстардың анық шығуын, ән айту дағдыларын қалыптастыру.	1

		-Музыканы сезіне би қимылдарын жасай білуге дағдыландыру.	
		-Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын ажырата білу. - Дауыстың табиғи таза шығуына,әнді мәнерлі орындау шеберлігін дамыту. - Музыка ырғағын сезіп, би қимылдарын жасау.Ойын ережесін сақтай білуге үйрету.	1
2	«Ғарышқа саяхат»	Ғарыш әлеміне арналған әндерді айтып,лирикалы әуендерге сәйкес ырғақты сезіне би қимылдарын көрсете білу. Музыкалық шығармалардың сезімдік мазмұнына, сипатын ажыратуға үйрету. (нәзік, сабырлы, көңілді де ойнақы, көңілсіз) Әнді сезініп айтуға машықтандыру. Музыкалық шығармаларды орынду арқылы әдемілікке,әсемдікке тәрбиелеу. Музыкалы дидактикалық ойындар арқылы екі түрлі сипаттағы әуендерді ажырата білуге қалыптастыру.	1
3	«Мен еңбекқор баламын»	Достықты білдіретін мейірімді әнді тыңдап сеіне білуге, әнді жеңіл,ширақ орындауға үйрету.Музыка арқылы еңбекқорлыққа,сыйластыққа, қайырымдылыққа баулу. -Таныс шығармаларды ажырата білуге, еске сақтауға дағдыландыру. - Балаларға арналған аспаптарда еркін ойнап, игеруге үйрету. -Әуенді ойын әрекеттеріне талпындыру және көтеріңкі көңіл-күй сыйлау	1
		-Таныс шығармаларды кіріспесінен, үзіндісінен тануға, ән мазмұнына сәйкес биде, ойында өзіндік қимылдарын ойлап табуға талпындыру. -Балалардың ойын ойнаудағы музыкалық танымдарын кеңейту. -Музыка ырғағын сезіп, би қимылдарын жасау.Ойын ережесін сақтап, ойнай білу.	1
4	«Әнші балапан»	Балаларға жеке ән айтуға үйрету және де ән айту барысында тональностті сақтауға,ырғақты сезінуге, дауыс мәнерлілігіне көңіл бөлу. - Жеке ән айту арқылы музыканы сезініп,әндегі шумақ пен қайырма арасындағы өзгерістерді ажырата білуге үйрету. -Ойын арқылы музыка дыбысын ести білуге баулу.Музыка үнімен құстардың, жануарлардың, аңдардың қимыл қозғалыстарын сипатын салыстырып,ажыратып, есте сақтау қабілеттерін дамыту. - Әуенге сәйкес ырғақтық қимыл жасап, мәнерлік шеберліктерін дамыту.	1
1	Мамыр Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»	Достық,бірлік,ынтымақтастықты білдіретін әндер мен әуендер арқылы балалардың бойында адамгершілік қасиеттерін музыка арқылы қалыптастыру. -Достықты білдіретін мейірімді әнді тыңдап	1

	«Достық біздің тірегіміз. Халықтар достығы».	сезіне білуге, әнді жеңіл, ширақ орындауға үйрету. -Сыйластыққа, қайырымдылыққа баулу. Музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландыру. -Мерекелік көңіл-күй сыйлай білу.	
		-Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру. Түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге үйрету. -Көркем-ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу. Әуенді есту, сезіну, ән айту қабілеттерін әрі қарай дамыту. -Би қимылдарын, музыкалық ойын әрекеттерін орындауға дағдыландыру.	1
2	«Отан қорғаушылар ҚР әскері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері».	Марш екпінінде орындалатын музыкалық шығармалардың айбынды ерекшелігін тыңдау және орындау арқылы түсініп, сезіммен орындай алуға тәрбиелеу. -Марш сипатын қимылмен, әнді, биді көңіл-күймен жеткізе орындауға талпындыру. -Батылдыққа, батырлыққа, өжеттілікке, намысшылдыққа тәрбиелеу. -Күн көзінің жылуындай өз бойларындағы жылуды әнмен батыр аталарына жеткізе білуге үйрету. Әнді ынтамен айтуға баулу.	1
3	«Мен жасай аламын».	Қазақ халқының тамаша ою-өрнектерінің түрлері мен қай жерде қалай қолданатындығын түсіндіре отырып, ою-өрнектерді би қимылдарымен қалай байланыстыруға болатындығын ұғындыру. -Жас ерекшеліктеріне сәйкес бала ұғымына сай ою өрнектердің түрін таныстырып, оны би қимылдарымен байланыстыра көрсету. -Музыкалық шығармаларды тыңдау арқылы өз ойларын жеткізе білуге, өз сезімдерін айта білуге қалыптастыру. -Тартымды шығармалар арқылы балалардың музыка өнеріне деген қызығушылықтарын қалыптастыру	1
		-Музыканың көмегі арқылы көңіл-күйді сезініп, әңгімелей білуге, мимика түрінде көрсете алуға үйрету. -Әртүрлі сипаттағы әуенді қимылмен көрсетуге, би қимылдарын есте сақтауға дағдыландыру. -Музыкалық қабілеттерін, шығармашылықтарын, дамытуды жалғастыру	1
4	«Көңілді жаз».	Жыл бойы өткен материалдарды музыкалы дидактикалық ойындар арқылы қайталау. Ойын арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Әр түрлі сипаттағы музыкалық шығармаларды ажырата білу. Бағалау, марапаттау арқылы балалардың білімін бекіту.	1
	Сағат саны:		54